ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 9 ақпан №2301-25-00-2/3398 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Атырау аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Алға 2022» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. 46 177 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі А.Ж.Сырашев
Жауапкер өкілі Б.Ж.Ерниязов
Прокурор К.Таргинова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 17 қыркүйекте мемлекеттік сатып алу туралы №130 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «2 дана 20 футтық стандартты контейнер» тауарын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 1 443 057 теңге. Шарттың орындау мерзімі –шарт күшіне енген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2025 жылғы 17 қазанға дейін.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, міндеттеме орындалмағанын, тауар жеткізілмегенін айтып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, кешіктірілген 32 күнге 46 177 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Жауапкер өкілі талаппен ішінара келісіп, тауарды жеткізе алмағанын мойындап, алайда тұрақсыздық айыбын төлеуге қарсы екенін айтты, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының (келесіде – Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2025 жылғы 17 қыркүйекте мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №130 келісім-шарт жасақталған. Орындау мерзімі –2025 жылғы 17 қазанға дейін.

Шарттың міндеттемелері орындалмаған, шарт бір жақты 2025 жылғы 19 қарашада бұзылған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде толық көлемде орындалмай, тауар жеткізілмегенін, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

2. АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 16.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 17.03.2026, судья Дәуешова О. Ш., 19.03.2026

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден 46 177 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын анықтады.

Бұл жағдайда, жауапкерден отыз екі кешіктірілген күн үшін 46 177 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 3 351 (1 385+1 966) теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Атырау аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Алға 2022» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 46 177 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Алға 2022» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Алға 2022» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 46 177 (қырық алты мың бір жүз жетпіс жеті) теңге тұрақсыздық айыбы, 3 351 (үш мың үш жүз елу бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова
Көшірмесі дұрыс
Судья О.Ш.Даурешова
Анықтама
Сот шешімі 2026 жылдың «17» наурызында заңды күшіне енді
Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 16.02.2026
Заңды күшіне енген күні: 17.03.2026, судья Даурешова О. Ш., 19.03.2026
2301-25-3-1/4154

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 16.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 17.03.2026, судья Даурешова О. Ш., 19.03.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»